

К.Е.Байзакова, Ж.С. Кызылбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан

ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІСІМ-ШАРТ ҰЙЫМЫНА МҮШЕ ЕЛДЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ АЯСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Қазіргі таңда посткеңестік мемлекеттер халықаралық қатынастарда белсенді акторлар болып табылады. Оның басты себептерінің бірі, геосаяси орналасқан аймағының тиімділігі мен мұнай және газ, тағы да басқа құнды жерасты байлығының болуы мен Батыс пен Шығысты жалғастырушы жол тасымалдау мүмкіндіктері, аймақтың одан арта маңыздылығын арттырады. Аймақтағы мемлекеттер өзінің ұлттық мүдделеріне сәйкес сыртқы саясат стратегияларын жалпы әлемдік үрдістерге сай, әр түрлі интеграциялық құрылымдарға белсенді ат салысуға тырсады. Олардың ішінде ең жас құрылым – Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымын атауға болады. Алғашқыда ұйымның жарияланған мақсаттарына қарамастан, кейде мүше-мемлекеттер ұйымның жұмысына кедергі келтіретін бір қалыпты емес, тіпті карама-қайшы саясат жүргізеді.

Ресей Федерациясының ұйымға қатысты сыртқы саясаты айрықша орынға ие. Ресейдің сыртқы саясаты қазіргі таңда көрші, яғни посткеңестік елдермен тығыз қарым-қатынас орнату болып табылады. Дәстүрлі екі жақты қарым-қатынастар айтарлықтай тиімді болмағандықтан, әлемнің саяси дамуы интеграциялық үрдістердің нәтижесінде посткеңестік аймақта ықпалды екенін айқындайды. Ресей Федерациясының сыртқы саясатының басты бағыты посткеңестік аймақтағы ТМД, Кедендік Одақ, Біртұтас Экономикалық кеңестік, Еуразиялық Экономикалық Қоғамдастық, ШЫҰ және ҰҚТШҰ ұйымдарының аясындағы ынтымақтастық болып табылады [1]. Аталмыш ұйымдардың барлығы экономикалық интеграциялық жұмысқа бағытталса, саяси-әскери салада ҰҚТШҰ жалғыз ұйым. Бұл туралы Ресейдің сыртқы саясатының 2008 ж. және 2013 жылдардағы Концепциясы куәлік етеді. Концепцияда ҰҚТШҰ-ның Тәуелсіздік Мемлекеттер Достастығы шеңберінде тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыздандыру мен оның болашақта аймақтық, тіпті жаһандық деңгейде қауіптердің алдын-алуға қабілетті әмбебап ұйым ретінде өзгеруі айтылған [2].

Ресей Федерациясының 2020 жылға дейінгі Ұлттық қауіпсіздік стратегиясында ҰҚТШҰ – саяси-әскери және әскери-стратегиялы аймақтық қауіптерге қарсы тұратын, оның ішінде нашақорлық сауда емен психопротпты заттардың тасымалуын жоюға бағытталған мемлекетаралық ұйым [3].

Ресей Федерациясының 2010 жылғы әскери доктринасы келесідей мәселелердің алдын-алу қарастырылған: ҰҚТШҰ шеңберінде ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; ұйымның қуаттылығын арттыру; халықаралық қауіпсіздік аясында ТМД, ЕЫҚҰ, ШЫҰ және де басқа мемлекетаралық (ЕО және НАТО) қарым-қатынастарды нығайту [4].

Ресей Федерациясы сыртқы саясатта ұйымның белсенді рөлге және оның танымалдылығын және қуаттылығын арттыруға барынша ат салысады. Оның куәлігі ретінде елбасшы, премьер-министр және басқа да беделді тұлғалардың халыққа сөйлеген сөздерінен айқындауға болады. Сонымен бірге, Ресей Федерациясының заңды ұйымдары мен ресми Мәскеу ҰҚТШҰ халықаралық және аймақтық қауіпсіздікті кепіл ететін басты ұйым ретінде қарастырады.

Егер де ресми Мәскеудің ойы белгілі болғанымен, Ресейдің ғылыми қауымы ұйымның жұмысы мен стратегияларына әр түрлі баға береді. Жалпы ұйымның іс-әрекетіне жағымды, әсіресе оның әскери және көпқұрылымды гибридіті ұйым дәрежесіне жетті деген бағалар беріледі. Бірақ ғылыми қоғам ұйымның қазіргі құрылымының болса да дамыту жақтары бар екенін ескереді.

Ю.А. Никитинаның айтуынша, ҰҚТШҰ құрылуы мен даму тарихына назар аударсақ, ұйымның стратегиясы белгілі жағдайлар мен мемлекеттердің мүддесіне байланысты қалыптасады. Бұл оның мобилді және өзекті ұйымға айналдырады. Сонымен қатар, көпбағыттылықтың жағымды және жағымсыз жақтары бар. Ұйымның көп бағыттарда жұмыс атқаруы оның халықаралық қауіпсіздік тенденцияларына сүйене отыра қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Дегенмен, оның осы бағытта жасалған жұмысының зая болуы, әсіресе басты күш жетекші Ресейдің бөлігіне келетінін атап кетті [5].

Халықаралық ойыншыларда Ресейдің ұйымдағы ерекше орны үлкен қауіп туғыздырады. Ұйымның Ресейдің сыртқы саясатында алатын орны, оның еуроатлантикалық қауіпсіздікті толық түрде қамтамасыз ете алмайтыны белгілі. Кейбір зерттеушілердің айтуынша, Орталық Азия қауіпсіздіктің тиімділігі, әсіресе ҰҚТШҰ шеңберінде қалыптасқан көпсатылы қауіпсіздік архитектурасы болып табылатынын көрсетеді. Ресей Ғылым Академиясының жетекші ғылыми қызметкері Д.Б.Малышеваның пікірінше, Орталық Азия аренаһы аймақтық (ҰҚТШҰ, ШЫҰ) және аймақтан тыс (САҚҰ) ұйымдардың бақталасуының нәтижесінде аймақтағы тұрақсыздыққа бағыттады. Сонымен қатар, аймақты белгілі елдер мен таңдаулы топтардың өз мүддерінін алға қоюы мен жалпы ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің келешегін түсіне қоймауы жағдайды қиындатады [6]. Ресей Ғылым Академияһының кеңесшісі Г.И.Чуфрин пікірінше «ҰҚТШҰ – қауіпсіздік мәселелесінде жұмыс атқаратын көпсалалы халықаралық ұйым. Дегенмен оның тиімді жұмыс атқаруы мүше мемлекеттердің ортақ мәселелерді қалай шешуі мен аймаққа деген басқа халықаралық саяси ойыншылардың қызығушылықтарының артуы барысында өз мәртебесін сақтай алуымен байланыстылығын айтады [7].

ҰҚТШҰ баға беру барысында, оның ұжымдық қорғану ұйымы ретінде қабылдануы, әсіресе Ресей мүддесінің тек қана қауіпсіздік қана емес, әскери, саяси және ақпараттық салаларында өз көздеген мақсаттарына жету құралы ретінде қабылдануы кедергі келтіреді. Еуроатлантикалық қауіпсіздік орталық директоры А.И.Никитинаның пікірінше, ұйымның белсенді жұмыс атқаруы

үшін оның «жаңа үлгі» құрылымындағы интеграциялық ұйымға айнала отыра, қазіргі қорғану ұйымы форматынан бас тартуы тиіс [8].

Ұйымды зерттеушілердің кейбірі сыни пікір ұстанады. Тіпті ұйымның қазіргі саясатқа сай келмеуін атайды. Әсіресе Мәскеулік Карнеги орталығының директоры Д.В.Тренин тұжырымдамасы бойынша «ҰҚТШҰ мүше елдердің жаңа қауіпсіздік жүйе деңгейіне жетпейді. Дегенмен, ұйымның қазіргі номиналды күші мүше-мемлекеттердің көңілінен шығады. Ресей өзіне қажетті псевдо әскери-саяси ықпалын асыруға, ал қалғандары қамқоршылыққа ие болады», - деп түсіндіреді. Мұндай жағдай аймаққа қауіп төндіреді. Одан шығу келесідей сатылардан өту арқылы ғана жетуге болады:

- аймаққа төніп тұрған басты қауіпке назар аудару;
- ұйымның мықты саяси құрылымын қалыптастыру;
- ұйымның күштік құрылымын арттыру;
- мүше-мемлекеттерге саяси және сараптамалық қолдау көрсету;
- барлық халықаралық қауіпсіздік жүйесіне ену [9];

Армения Республикасы да Ресей тәрізді ұйымның «оңтүстік» қанатының өкілі болып табылады. Армения Кавказ аумағының саяси және экономикалық маңыздылығының артуы барысында бірқатар мәселелермен жолықты. Олардың қатарына, аймақ арқылы өтетін мұнай-газ және көлік жолдары бәсекелестігінің артуы; Алдыңғы Азиядағы лаңкестік пен әскери-саяси тұрақсыздықтың аймаққа қауіп тудыруы; «қалыптасқан» этнотерриториялық қақтығыстардың аймаққа тұрақсыздық әкелуі. Аталмаш қауіптерге қарсы тұру үшін Армения көршілес мемлекеттермен, аймақтық және халықаралық интеграциялық ұйымдармен белсенді жұмыс атқарады. Қазіргі таңда Армения ҰҚТШҰ шеңберінде әскери және саяси белсенділік танытуда. Оның бірнеше себептері бар: біріншіден, тарихи дамуы барысынан Арменияның сыртқы саясатының Ресейге бағытталуы; екіншіден, экономикалық ынтымақтастықтан басқа, Армян үкіметі Ресейден аймақтық қауіпсіздік кепілі ретінде көруі;

Арменияның ұлттық қауіпсіздік стратегиясында комплиментаризм ұстанымдарына сүйене отыра, аймаққа қызығушылық танытушы барлық күштермен ынтымақтаса, теңдік сақтау саясатын ұстанады. Армения – аймақтық және халықаралық интеграциялық үрдістерге толыққанды қатысушы болып табылатын мемлекет [10].

Армения Республикасының ҰҚТШҰ мүше болуы – мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етуінің негізгі факторы болып табылады. Ұйым шеңберінде мемлекетке қауіп төнген жағдайда Келісімнің IV бабында көрсетілгендей, мүше-мемлекеттердің қолдауына ие болу үшін үздіксіз күш жұмсауда. Келісімнің әскери сала туралы жазылған бөлімі мүше-мемлекеттердің, әсіресе Армения үшін маңызды әскери-техникалық жағынан белгілі жеңілдіктерге ие болуы [11].

Арменияның аймаққа халықаралық актор ретінде өз ықпалын комплиментаризм ұстанымы арқылы жүзеге асырады. Оның екі басты бағыты Арменияның еуроатлантикалық одақ (САКҰ) және еуропалық одақпен (ЕО) жұмыс атқаруымен сипатталады. Оның басты себебі,

Арменияның еуропалық одақтың оңтүстік Кавказға байланысты «Үлкен Еуропа: жаңа көршілер» бағдарламасына қосылуы мен басқа саяси және экономикалық интеграциялық үрдістерге белсене қатысуымен белгіленеді.

Сонымен қатар, Армения ҰҚТШҰ-ның ішкі механизмдерінің шынайы түрде аймақтық қауіпсіздік қамтамасыз ететін ұйымға айналдыруға ат салысу. Г.А.Данениелян пікірінше: «ҰҚТШҰ – шынайы қауіпсіздікке, ал «Үлкен Еуропа» - жалпы дамуға бағытталған. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге осы екі вектор үйлесімді орналаса, бір-біріне қарсы емес, керісінше бір-бірін толықтырып отыр. Сонымен қатар, ҰҚТШҰ мен САКҰ серіктес болу – Арменияның қауіпсіздігін сақтай отыра, геосаяси тұрғыдан Грузия, Азербайжанмен салыстырған бірнеше артықшылықтарға ие мемлекеттің тепе-теңдігін сақтауға үлкен мүмкіндіктер береді», - деп түсіндіреді [12].

Қорыта келе, өзінің географиялық және геосаяси жағдайына байланысты Ресеймен тарихи сабақтасуы ерекшеліктеріне қарамастан, Армения үшін бұл тек қана әскери-саяси одақ емес, сонымен бірге Ресейдің осы елдің сыртқы саяси стратегиялық бағытына ықпал етуші мемлекет екеніне көз жеткізуге болады.

Географиялық орналасуына байланысты Белоруссия Республикасы ҰҚТШҰ еуропалық қанаттың өкілі бола отыра, қауіпсіздікті күшейту барысында Орталық Азия мен Кавказ аймағы елдеріне қарағанда ұтымсыз жағдайда орналасқан. Бірақ ұйымды Еуропамен көршілестік мен қауіпсіздік мақсаты ғана барынша ерекшелендіретінін ескеру керек. Ұйымға Белоруссияның мүше болуы, оның экономикалық, саяси және әскери мүдделері тұрғысынан қарастырғанда түсінікті. Алғашқы Белоруссия әкімшілігі үшін үлес Ресеймен одақтас болуы мүмкіндігі. Ресеймен экономикалық, кейін әскери ынтымақтастық Белоруссияның басым бағыттардың бірі. Қазіргі таңда Белоруссия үшін ешқандай мемлекет қауіпсіздік саласында қарсылас емес және де әскери қауіп кезінде ұлттық мүддені қорғай алатын, әскери доктриналар барынша қорғаныштық сипатқа ие. Дегенмен, ұлттық мүддені қорғай білу – одақтас мемлекеттермен достық қатынаста орнатылатын, саяси қауіпсіздікпен байланысты болады. Ресей тарихи және ұлттық құндылықтары жағынан жақын мемлекет. Ресей билігі тарапынан «Авторитарлық белорусь тәртібіне» қолдауының арқасында тиімді одақтас болып табылады. Сонымен бірге, А.Лукашенко әкімшілігі Батыс елдерімен осындай баламалы ынтымақтастыққа ие емес. Осының арқасында, ұйым шеңберінде Белоруссия – Ресей бастаған одақтың аясында өз саясатын құжат түрінде бекіткен. Белоруссияның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қағидаларының бірі - халықаралық және аймақтық ұйымдарға мүше болуы болып табылады. Осы мақсатта мемлекет ҰҚТШҰ-на ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында үлкен назар аударады [13].

Белоруссия үшін ұйым шеңберінде есірткіге қарсы ынтымақтастық маңызды. Өз тараптарынан халықаралық қауымның, әсіресе БҰҰ-ның ауған есірткі өндіру мәселесінің халықаралық дәрежеде қолдауына барынша ат салысуда.

Орталық Азия елдерінің ішінен одаққа мүшелердің бірі - Қазақстан Республикасы. Жоғарғы экономикалық, саяси және әскери көрсеткіштері жайынан, Ресей Федерациясынан кейінгі екінші орында орналасқан. Қазақстан Еуропа мен Азияның тепе-теңдігін ұстай отыра, көпжақты сыртқы саясат ұстанады. Қазақстан халықаралық және аймақтық ұйымдары (БҰҰ, ЕЫҚҰ, ҰҚТШҰ) мен басты халықаралық және аймақтық саяси ойыншылармен (Ресей, АҚШ, ЕО, Қытай) ынтымақтасады. Ел президенті Н.Назарбаев 1994 жылы Еуразиялық идеясының бастамасышы болды. Осы теория аясында Орталық Азия мемлекеттерінің ЕурАзЭС, Біріккен Экономикалық Аймақ, Кедендік Одақ ынтымақтастықта атқарылуда. Елдің алға қойған сыртқы саяси мақсаттарының бірі – Орталық Азиядағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету [14]. Әр түрлі аймақтық ұйымдарға, әсіресе ҰҚТШҰ мүше болудың себебі, аймаққа қатысты мақсаттарымен тығыз байланысты болуы. Әрине, алғашқы орында экономикалық сипаттағы себептер болып табылады. Қазақстанның алға жылжуы – аймақтағы тауардың көршілес елдерге экспортталуы. Сонымен қатар, Қазақстан үлкен жер асты қазба байлықтарына ие бола отыра, экономикалық дамуына байланысты шекаралас мемлекеттер жағымды серіктестес болуы қажет. Посткеңестік Қазақстан үшін аймақтағы күш қатынастарының қалыпты болуы маңызды. Мемлекет өз тарапынан көпжақты сыртқы саясаттан барынша пайда табуға тырысады. Ресейдің аймақтағы көсбасшылығын мойындай отыра, аймақтағы басқа да АҚШ, Қытай, Иран т.б. мемлекеттердің қызығушылықтарын есепке алады. Аймақтағы бейбітшілікті сақтау арқылы өз мүддесін нығайтуға бағытталған. Қазақстанның әр түрлі интеграциялық құрылымдарда қатысуы – маңызды халықаралық ойыншылар арасындағы қатынастарды реттеуге мүмкіндік береді. Қауіпсіздік қамтамасыз ету үшін халықаралық және аймақтық ұйымдарға Қазақстанның мүше болуы, оның бағдарламалық құжаттарында көрсетілген [15]. Қазақстан үшін ҰҚТШҰ Ресеймен өзара қарым-қатынастың орталық алаңы. ҚР Президенті жанындағы Қазақстандық Стратегиялық Зерттеулер Институтының сыртқы саясат зерттеу бөлімінің басшысы Б.А. Әуелбаев, Қазақстанның көпжақты саясат жүргізуінің 4 басты мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік беретінін атап кетті. Қазіргі кездегі мәселелерге аймақтық және халықаралық деңгейде шешу жолдарын қарастыратын мемлекеттер тобын жинақтау; жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құрылымдардың аймақтық шеңберде жоғарғы деңгейлі өкілеттілікке ие болу; Орталық Азиядағы ірі халықаралық акторлардың мүдделерін халықаралық қауіпсіздік құрылымдары арқылы сәйкестендіре отыра, халықаралық аренада Қазақстанның аймақтық көсбасшы екенін көрсету; державалық талпынысқа ұмтылмайтын Қазақстанның бір ұйымға мүше ірі мемлекеттер арасында мәмлелеге жету [1].

Дегенмен, халықаралық ойыншылар арасында аймақтық «танымалдылыққа» ие болуы ҰҚТШҰ-ның толыққанды жұмыс атқаруына кедергі келтіреді. «Центр Азия» атты қоғамдық-геосаяси журналының бас редакторы С.М.Акимбековтың ойынша, қазіргі үдемелі кезде ірі

державалардың геосаяси мүдделері мен кіші мемлекеттерді «қармаққа» түсіру саясаты аймақта оперативті әрекет етуге мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, жағдайды аймақтағы мемлекеттердің тұрақсыз саясаты мен елдердің өзара қарым-қатынастары қиындатады [1].

Қазақстанның қауіпсіздігі – аймақтық қауіпсіздікпен тығыз байланысты болғандықтан, оның бейбітшілігін сақтауға мемлекет белсенді жұмыс атқарады Қазақстан басқа мемлекеттермен біріге отыра, ТМД-ның оңтүстік шекаралары мәселесі, есірткі мафиялары, саяси және діни экстримизм мен халықаралық лаңкестік, адамдар мен қару-жарак тасымалдарымен күресуге ат салысуда. Аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бұл мәселелер бойынша ынтымақтастық маңызды. Сонымен қатар, Қытайдағы Синьцзян-Ұйғыр автономиясындағы ұйғыр мен хандықтар арасындағы этникалық-сеператистік мәселесі маңызды болып табылады. Қақтығыс өрші бастаса, Қытайдағы шекара екі жағында ұйғырлар мен қазақтар арасындағы қарым-қатынастар қиындай түседі. Бұл қақтығыстың қаншалықты өрші түсетіні және қаншалықты күш жұмсалатыны белгісіз.

Қазақстанның халықаралық және аймақтық форматта халықаралық ойыншылармен тығыз қарым-қатынастарды орнатуға мүдделі. Сонымен қатар, аймақтық ұйымдарға мүше болады. Қазақстан материалдық жағынан біршама жеңілдіктерге ие болады. Тегін әскери білім, әскери қару-жарақтардың кейбір түрлері, әскери жарақтардың техникалық қамтамасыздануы. Сондықтан да, ҰҚТШҰ аймақтық деңгейде әскери интеграциялық форум болып табылады. Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Қазақстанның мүмкіндігі көршілес Қазақстан Республикасының әскери қуаты мен экономикалық көрсеткіштері аймақта жоғарғы мүмкіндікке ие. Кеңес Одағынан қалған мұра мен кейін оны ілгері дамыту арқасында әскердің жоғарғы мамандалған қарулы базалар мен полигондарды қайта жандандырылды. Қазақстанның тұрақты әскер саны 77 мың адам. Жаяу әскердің қарулары - 1 мың танк пен 3 мың 2 жүз бронды көліктерге ие. Әскери әуе күштері 500 тікұшақ, 120 әскери ұшақтармен қамтамасыз етілген. Каспий теңізіндегі әскери-теңіз күштерінде 18 күзет қайықтары жұмыс атқарады [15]. Бұл көрсеткіштер аймақта саны мен сапасы жағынан Ресейден кейінгі орында тұр.

Өзінің қарулы күші жағынан артықшылығы бар болғандықтан, Қазақстан ұйым шеңберінде экстремизм мен лаңкестікке қарсы әскери қозғалыстарға ат салыса алады. Әсіресе, ұйымның аясында Қазақстаннан Ұжымдық жылдам күш жаю (КСБР) құрамында 2 десанттық-шабуыл батальон қатысады [6]. Президент жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының басты ғылыми маманы К.Л.Сыроежкиннің пікірінше, ұйымның ҰЖКЖ аймақтағы қауіпсіздікті қамтасыз етуші жалғыз құрылым. Оның күшеюі мен Ауғаныстанмен шекара аймағын қадағалау, ауған мәселенің қауіпсіздігіне мүше мемлекеттердің ұйым атынан атқарылатын бар әрекеті болып табылады. Осыған байланысты Қазақстан ұйымның ҰЖКЖ құрылымына 37-ші десанттық-шабуылдау аэромобильді әскері мен теңіз жаяу жүру әскерін қосты [16]. Сонымен қатар, Қазақстан

ҰҚТШҰ шеңберінде жаңа бітімгершілік саласында белсенді жұмыс атқарады. Қазақстан ұйым тарапынан материалдық базаға ие бола отыра, БҰҰ-ның бітімгерлік белсенділіктеріне, САКУ-мен тығыз қатынас орнатуына мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибе ҰҚТШҰ-мен әскери қимылдар жасауға мүмкіндік береді. Болашақта мемлекетте САКУ-ның бітімгерлік әскеріндей ұлттық әскер жасақтау сұрағы тұр. ҰҚТШҰ-на бітімгерлік күштеріне мүше «Қазбриг» құрамы американдық каскалар мен аяқ киімдерімен қамтылған. Бір батальон САКУ әскері үлгісі бойынша жабдықталған [9].

Қорыта келе, Қазақстан аймақтағы интерграциялық қозғаушы ең қуатты мемлекет ретінде, тек қана посткеңестік мемлекеттер арасында ғана емес, Батыстың алдында біршама беделге ие. Осы себептерден, ҰҚТШҰ – Қазақстанның сыртқы саясатының ең маңызды жобаларының бірі болып табылады.

ҰҚТШҰ құрылымында Қырғыз Республикасы ерекше орынға ие. Ел ішіндегі бірқатар шешілмеген мәселелер мен қақтығыстарға карамастан, ұйымға қатысты жағымды бағытты ұстанады. Көптеген шешілмеген мұраға қалған мәселелер жас үкіметке ұлттық мүддені анықтау мен дамыту жолында келе жатыр. Сол себептен, Қырғыз Республикасының көршілес мемлекеттер мен әлемдік ойыншылармен ынтақтастықта болуы басты мақсаттарының бірі. Жаңадан қабылданған ұлттық қауіпсіздік Концепциясында Қырғыз елі ішкіконтиненталды жағдайды, діни экстремизм, лаңкестікке ықтимал қауіпті аймақ деп бағалады. Сонымен қатар, дамушы мемлекеттің дамуына қажетті сыртқы қуат көздерінің алыста болуы мен саяси белсенділіктердің Бішкектен алыс болуы жағдайды ушықтырады. Аталмыш себептерге байланысты, мемлекет аймақтағы тиімді қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жүйені құру мен көпжақты сыртқы саясатты ұстануға мүдделі. Сондықтан, мемлекет басты орынға аймақтық және халықаралық (ҰҚТШҰ, ШЫҰ, БҰҰ, ЕҚЫҰ) ынтымақтастық алға қояды. Қырғыз Республикасының кей кездері ұйымдардың мүдде қарама-қаршылықтары болғанымен, жалпы аймақтық ұйымдарға мүше болуы алғашқы орында тұр. Бұл Қырғыз Республикасының «ұлттық мүддені қорғау барысында сыртқы күштердің пайда болуына» байланысты икемді сыртқы саясат жүргізуіне мүмкіндік береді [17]. Сонымен бірге, аталмыш құжатта Орталық Азиядағы ұлы державалар мен мемлекеттер мүдделерінің қайшылықтары ұлттық қауіпсіздікке төніп тұрған қауіп-қатердің бірі деп көрсетілген. Аймаққа қызығушылық білдіріп отырған – Қытай, АҚШ, Ресей секілді державалардың белгілі жағдайларда аймақтағы және Қырғызстан Республикасына қатысты әртүрлі мүдделерге жету мақсатында болуы мүмкін. Аталған державалардың әрқайсысы Орталық Азия елдерімен екіжақты және көпжақты қатынастар орната отыра, аймақта өз қуаттылығын арттыруға тырысады. Ресей мен Қытай ҰҚТШҰ мен ШЫҰ жұмысын нығайтуға күш салса, АҚШ – САКУ аясында «Бейбітшілік үшін серіктестік» ынтымақтастық орнатқан. Қырғызстан бұл жағдайда «аймақтағы өзгерістердің даму қарқынының алдында» болуы мен болашаққа болатын өзгерістерге болжай жасай білуі тиіс. Дегенмен, мемлекеттің басты мақсаты –

аймақтағы ойыншылар арасында тепе-теңдікті сақтай отыра, бейбітшілік пен халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сондықтан да Қырғыз Республикасы әкімшілігі логикалық тұрғыда аймақтық ойыншыларға екіжақты көзқарасты ұстанады. Әсіресе, ҰҚТШҰ шеңберінде Қырғыз мемлекетінің бір қалыпты саясаты қазіргі мемлекет ішіндегі мәселелерді шешуде және мүше мемлекеттердің жаңа үкіметке деген қолдауы – ұйымды ең тиімді құралға айналдырады. Ұйым тек қана аймақтық қауіпсіздіктің кепілі ғана болып қоймай, мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі бола алады. Сонымен қатар, Қырғыз елі өз мақсатына жетуде әр түрлі құралдарды қолдана, ҰҚТШҰ шеңберінде ғана емес, ШЫҰ аясында белсенді мүше екенін танытып отыр.

Қырғыз Республикасы посткеңестік елдердің ішіндегі ең тұрақсыз мемлекеттердің бірі. Тұрақсыздықтың себептері өте көп. Мемлекеттің тұрақтылығына географиялық фактордың маңызы жоғары екені мәлім. Ауғаныстан экстремистар мен лаңкестердің транзиттік бекеті болып табылатын Тәжікстан мен Өзбекстанмен шекаралас болуы, мемлекет жағдайын ушықтырады. Саяси тұрақсыздықта дамып келе жатқан мемлекеттің радикалды күштердің билік басына келіп, мемлекетті билеу алу идеясы – Қырғыз Республикасының басты үлкен қаупі [1].

ҰҚТШҰ-ын ары қарай дамуына барынша үлес қосу Қырғыз мемлекетінің басты тапсырмаларының бірі. Ұйымды қолдау барысында Қырғызстан, біріншіден, Ресейдің автоматты қолдауына ие болады. Екіншіден, сыртқы қауіптен жалғыз қорғана алмайтын Қырғызстан үшін ұйым «қалқанға» айналады. Үшіншіден, ҰҚТШҰ қолдауына ие бола отыра, аталмыш мемлекет көпвекторлы сыртқы саясат жүргізе алады.

Қауіпсіздік саласында халықаралық ынтымақтық мен ұжымдық қауіпсіздік туралы ҰҚТШҰ-ның мүшесі Тәжікстан Республикасының ресми құжаттарында көрсетілген. Тәжікстан Республикасының 2011 жылдың 28 маусымы күні №721 заңының 24 бабы «Қауіпсіздік жайында» көрсетілгендей, мемлекет сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттер мен халықаралық құрылымдармен ынтымақтасады. Мемлекеттің әскери доктринасы мен президент жолдауында, Тәжікстанның басты серіктестері – ҰҚТШҰ мен ШЫҰ екені жазылған. Осы құжаттарда елдің басты саяси-әлеуметтік, экономикалық, территориялық, аймақтық, этникалық қақтығыстар аясындағы басты қауіптермен мемлекеттер халықаралық аренада «ұжыммен» барынша ашық түрде күресетіні көрсетілген [18].

Көршілес мемлекеттерге қарағанда, Душанбенің бейбітшілікті және сындарлы диалогты «ашық есік» саясат жүргізуінің басты себебі, мемлекеттің қандай да агрессияға қарсы тұру мүмкіндігінің аз болуында. Мұндай жағдай оның географиялық (мемлекеттің саяси орталықтарда алыс жатуы), экономикалық (экономиканың нашар дамуының арқасында әлемдік орталықтарға тәуелдік), әскери (посткеңестік мемлекеттердің арасында Тәжікстан ғана ешқандай қарулы күшке ие болмады), мемлекет ішіндегі жағдай (Тәжікстанның ішкі әлеуметтік жағдайының төмен болуы мен тұрақсыздық – халық жұмыссыздығы, қылмыс, экстримизм, лаңкестік,

есірткі саудасына әкеледі). Осы аталған факторлардың барлығы Тәжікстанның аймаққа қызығушылық танытып отырған халықаралық саяси ойыншыларға жылы көзқараспен қарауға мәжбүр етеді. Нормативті құжаттар мен президент жолдауында көрсетілгендей, Тәжікстанның дәстүрлі сыртқы саясаты – Ресеймен ынтымақтастық пен аймақтық құрылымдармен жұмыс атқаруға бағытталған. Дегенмен, соңғы жалдары Тәжікстанның өз саяси бағытының басқа да халықаралық ойыншыларға ауыстырғаны байқалады. Зерттеушілердің пікірінше, Душанбенің АҚШ пен Қытай қатынастарының өзгеруіне көңіл бөледі [5]. АҚШ пен Тәжікстан қатынастары жылдан-жылға дамып келе жатыр. Вашингтонның аталмыш елді посткеңестік аймағындағы мемлекет ретінде қызықтырса, Душанбеге АҚШ тарапынан экономикаға инвестициялық қолдау қажет. Дәл осындай жағдайда Пекин мен Душабе қатынастары дамуда. Аталмыш екі жақты қатынастардың дамуы Ресей шін негативті болып табылады. Сондықтан ұйымның жұмысы мен ролінде жағымсыз әсер етеді.

Аймақтағы қауіпсіздік пен мемлекеттің жеке қауіпсіздігіне Ресей басты серіктес ретінде үнемі саналатын. Халықаралық терроризм, экстремизм, есірткі саудасы, заңсыз миграция тек қана мемлекет үшін ғана емес, сонымен қатар, аймаққа қауіпті болып табылады. Аталмыш мәселелердің шешілуі аймақтағы мемлекеттер мен ұйымдардың тікелей саясатымен айқындалады [8]. Осы мақсатта Тәжікстан өз тарапынан ҰҚТШҰ мен ШЫҰ белсенділіктер көрсетеді. ҰҚТШҰ шеңберінде Тәжік елі басты заңнамаларды қолдай отыра, ҰЖКЖ құрамына 3 мобилді әскер батальонын қосты. Одан басқа, ҰҚТШҰ аймақ пен мемлекет территориясында антиэкстремистік бітімгерлік әрекеттерін жүргізуде. Тәжікстанның есірткі саудасының аймаққа қауіпті деп мойындауының арқасында, ҰҚТШҰ мен мемлекет арасындағы ынтымақтастың тағы бір саласы болып табылады. Тәжікстан территориясында ешқандай есірткі шығару зертханалары болмағанымен, мемлекет Ресейге есірткі тасымалдау, әсіресе Таулы-Бадахшан автономиялық облысы транзиттік аймақ болып табылады. Тәжік үкіметі халықаралық қауымдастықтың халықаралық және аймақтық деңгейде есірткі саудасымен күресті қолдауда. Әсіресе, Тәжікстан БҰҰ, ШЫҰ, ҰҚТШҰ есірткіге қарсы бағламаларына ат салысуда [9].

Жалпы Тәжікстанның ұйымға қатысты саясаты салыстырмалы тұрақты даму барысында. Аталмыш жағдай Тәжікстанның мақсаттары ұйымның мақсаттарына сай келгенше және халықаралық ойында басқа да «қызықты» серіктес табылғанша жағдай бірқалыпты болмақ.

ҰҚТШҰ мүше мемлекеттердің мүдделеріне сараптама жасау, мынадай заңдылықтарды көрсетті:

Біріншіден, ұйым мен мүше елдердің мүдделері жалпы ұқсас. Аймақтың ерекшеліктеріне байланысты, олардың жалпы мәселелері ұқсас: ел тәуелсіздігін сақтау, мемлекеттің бүтін болуы, халықаралық және аймақтық қауіптерге қарсы тұру, әсіресе халықаралық лаңкестік мен экстремизм, есірткі саудасы. Осы мәселелер ҰҚТШҰ шеңберінде интеграциялануға итермелейді.

Екіншіден, ортақ мәселелердің болғанымен, мүше мемлекеттер ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында, серіктестердің мүддесіне сай келмейтін сыртқы саясат жүргізеді. Бұл саясат көп жағдайда көпвекторлы саясат деп аталады. Мүше-мемлекеттер аймақтық және аймақтан тыс ынтымақтастықтан барынша пайда алу барысында көршілес мемлекеттермен өткір мүдде жанжалына келеді. Аталмыш дерек ұйымның ұжымдық қағидаттарына қарсы келіп, ұйымның тиімді ынтымақтасуына кедергі келтіреді.

Үшіншіден, жоғарыда көрсетілгендей, ҰҚТШҰ мүше елдердің ұлттық мүддесін қамтамасыз етуде барынша орын алады. Қазіргі таңда мүше-мемлекеттер ынтымақтасудың ҰҚТШҰ аясынан басқа жолдарын көрмей, өздерінің «өзімшіл» мақсаттарына жетуді ғана қарастыруда. Сонымен бірге, бұл мемлекеттер Ресейдің басымшылық ұстанымына қарсылық білдірмейді. Ресей өз тарапынан мемлекеттерді біріктіре отыра, инвесторлық пен интеграциялық үрдістердің басшысы болуға дайын. Халықаралық ойыншылардың аталмыш аймаққа қызығушылығының артуы мен басқа да балама ұйымның құрылмауына дейін, екіжақты тиімді қатынастарды, мүше-мемлекеттер мен Ресей, жағдайды қолдап отырады.

1. Акимбеков С.М. Проблемы безопасности в регионе Центральной Азии: текущие тенденции и перспективы. Алматы, 2011.

2. Ресей Федерациясының сыртқы саясат концепциясы. 12.02.2013 // <http://www.mid.ru/bdomp/nsosndocnsf/e2f289bea62097f9c325787a0034c255/c32577ca0017434944257b160051bf7f!OpenDocument>

3. Ресей Федерациясының ұлттық қауіпсіздік концепциясы. 15.07.2008. // <http://xn--d1abbgfbaiiy.xn--p1ai/acts/785>

4. Ресей Федерациясының әскери доктринасы. 05.02.2010. № 146. // <http://text.document.kremlin.ru/SESSION/PILOT/main.htm>

5. Никитина Ю.А. Деятельность ОДКБ и ШОС в Центральной Азии: сравнительный анализ институциональных потенциалов // Центральная Азия: актуальные акценты международного сотрудничества. М.: МГИМО. 2010. 144б.

6. Мальшева Д.Б. Центральноазиатский узел мировой политики. М.: ИМЭМО, 2010. 93 б.

7. Чуфрин Г.И. Россия в Центральной Азии. Алматы, 2010. 37 б.

8. Никитин А.И. Реформирование и развитие ОДКБ // Вестник МГИМО (У) Университета. 2011. № 6. 23 б.

9. Тренин Д.В. ОДКБ: реформировать или расформировать // Военно-промышленный курьер. 2010. № 33 (349). 56 б.

10. Армения Республикасының ұлттық қауіпсіздік стратегиясы. 26.01.2007 // «Айкаканбанак» әскери-ғылыми арнайы шығарылымы («Армянская армия»). Ереван, 2007. 53 б.

11. Армения Республикасының әскери доктринасы // <http://www.mil.am/>

12. Даниелян Г.А. Российско-армянские отношения и их роль в обеспечении безопасности на Кавказе: дис. СПб., 2010. 52 б.

13. Беларусь Республикасының әскери доктринасы. // <http://www.belvpo.com>

14. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік туралы заңы. 6.01.2012. 25 б. // http://mod.gov.kz/modu/index.php?option=com_content&view=article&id=263&Itemid=209&lang=ru).

15. Қазақстан Республикасының әскери доктринасы. 11.10.2011.// http://mod.gov.kz/modu/index.php?option=com_content&view=article&id=63&Itemid=151
16. Центральная Азия сегодня: вызовы и угрозы / под ред. К.Л. Сыроежкина. Алматы, 2011.
17. Қырғызстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік туралы заңы. 09.06.2012.// www.energo.gov.kg.
18. Тәжікстан Республикасының «Қауіпсіздік туралы» заңы». 28.06.2011. № 721.//http://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=46031.